

«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

Хаттама № 2 ----

Қосбөлтек ауылы

26.10.2023ж.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірге күресейік» тақырыбында әдіскер С.Жуманалинаның ұйымдастыруымен қызметкерлер арасында дөңгелек үстел өткізілді.

Ондағы мақсат: сыбайлас жемқорлықтың алдын алу,оны болдырмау жолында жұмыстар жүргізту.

С.Жуманалина өз сөзінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу бұл мемлекетте тұрақтылықты қамтамасыз етудің қажетті шарты.Бұл сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күні күрделі мәселелердің бірі болып отыр.ҚР-ның «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу туралы» Заңының басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау,сыбайлас жемқорлық көріністеріннен туындайтын қауіп-қатерден ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету екенін білеміз.Алайда осы заңмен мемлекеттік міндетті атқаратын және де оларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін пайдалана отырып,пайда табу болып отыр.Біздің елімізде де сыбайлас жемқорлықтың алдын алу барысында жұмыстар жүргізіп келетінін айтты.

Дөңгелек үстел барысында ойымызды айту үшін жинадық.Қызметкерлерге өз ойларын айтуды ұсынды.

Қызметкер Е.Урынбасаров өз ойын ортаға сала отырып,сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі мәселелердің бірі болып отыр.Біздің елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң қабылданып осы бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Деген мен де әлі де үлкен лауазымда отырған азаматтар тарапынан бұл тоқталар емес. Осыған байланысты біздің де ұжымымызда дөңгелек үстелдер өткізіліп,баяндамалар тыңдалады. Бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес баршамызға ортақ іс екенін ұмытпайық деп өз ойын айтты.

Осы пікірге басқа да қызметкерлер қосылатынын және бұл ауруға қоғам болып қарсы тұруымыз қажеткенін айтты.

Хатшы:  Максымханова Ф